**" Объектілерді кейіннен кәдеге жарату (құрылыстарды бұзу) жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізуге рұқсат беру "**
**мемлекеттік көрсетілетін қызмет паспорты**

| Кажетті құжаттар | Қызмет көрсету мерзімі | Қызмет құны және төлеу тәртібі | Қызмет көрсету нәтижесі |
|---|---|---|---|
| 1) көрсетілетін қызметті берушіге:<br>жеке және заңды тұлға үшін осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1 және 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;<br>жеке басты куәландыратын құжат (көрсетілетін қызметті алушының жеке басын сәйкестендіру үшін);<br>объектінің меншік иесінің (тең меншік иелерінің) кейіннен кәдеге жарату (құрылыстарды бұзу) жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізуге және оның параметрлеріне жазбаша келісімі;<br>егер объектілерді кейіннен кәдеге жарату (құрылыстарды бұзу) жөніндегі жұмыс кешені жүргізілгенде, кейіннен кәдеге жаратуға (құрылыстарды бұзуға) жататын объектіге көршілес басқа үй-жайлардың (үйдің бөліктерінің) меншік иелерінің мүдделерін қозғайтын болса, олардың нотариалды куәландырылған жазбаша келісімі;<br>тиісті мемлекеттік органның техникалық (қалыпты) жай-күйін зерттеп-тексерудің нәтижелері бойынша анықталған осы объектіні одан әрі қолданудың (пайдаланудың) мүмкін еместігін растайтын құжат;<br>жұмысты жүргізу жобасы (бір немесе екі қабаттан тұратын жеке тұрғын үй, сондай-ақ азаматтардың жеке пайдалануына арналған басқа да құрылыстар, жеке үй маңындағы учаскелер аумақтарындағы шаруашылық-тұрмыстық құрылыстарды, контейнерді және блоктарды пайдаланып жасалатын шағын кешендерді, сондай-ақ құрастырмалы-бұзылмалы конструкциялардан тұрғызылған және санитариялық-эпидемиологиялық қызметтермен келісуді қажет етпейтін сауда, қоғамдық тамақтандыру мен тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарына арналған бір қабатты үйлер (ғимараттар) үшін қажет емес)/ жобалау (жобалау-сметалық) құжаттама (блокты үйді бұзу кезінде ұсынылады).<br>2) порталға:<br>жеке және заңды тұлға үшін осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1 және 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызмет алушының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;<br>объектінің меншік иесінің (тең меншік иелерінің) кейіннен | 1) көрсетілетін қызметті берушіге және порталға жүгінген кезде техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі емес объектілерді кейіннен кәдеге жарату (құрылыстарды бұзу) жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізуге құжаттар топтамасын тапсырған күннен бастап – 10 (он) жұмыс күні;<br>2) көрсетілетін қызметті берушіге және порталға жүгінген кезде техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі объектілерді кейіннен кәдеге жарату (құрылыстарды бұзу) жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізуге құжаттар топтамасын тапсырған күннен бастап – 15 (он бес) жұмыс күні. | тегін | объектілерді кейіннен кәдеге жарату (құрылыстарды бұзу) жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізуге рұқсат беру немесе осы стандарттың 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.<br>Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: электронды немесе қағаз түрінде.<br>Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында жолданады. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| кәдеге жарату (құрылыстарды бұзу) жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізуге және оның параметрлеріне жазбаша келісімінің электрондық көшірмесі;<br>егер объектілерді кейіннен кәдеге жарату (құрылыстарды бұзу) жөніндегі жұмыс кешені жүргізілгенде, кейіннен кәдеге жаратуға (құрылыстарды бұзуға) жататын объектіге көршілес басқа үй-жайлардың (үйдің бөліктерінің) меншік иелерінің мүдделерін қозғайтын болса, олардың нотариалды куәландырылған жазбаша келісімінің электрондық көшірмесі;<br>тиісті мемлекеттік органның техникалық (қалыпты) жай-күйін зерттеп-тексерудің нәтижелері бойынша анықталған осы объектіні одан әрі қолданудың (пайдаланудың) мүмкін еместігін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;<br>жұмысты жүргізу жобасының электрондық көшірмесі (бір немесе екі қабаттан тұратын жеке тұрғын үй, сондай-ақ азаматтардың жеке пайдалануына арналған басқа да құрылыстар, жеке үй маңындағы учаскелер аумақтарындағы шаруашылық-тұрмыстық құрылыстарды, контейнерді және блоктарды пайдаланып жасалатын шағын кешендерді, сондай-ақ құрастырмалы-бұзылмалы конструкциялардан тұрғызылған және санитариялық-эпидемиологиялық қызметтермен келісуді қажет етпейтін сауда, қоғамдық тамақтандыру мен тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарына арналған бір қабатты үйлер (ғимараттар) үшін қажет емес) / жобалау (жобалау-сметалық) құжаттама (блокты үйді бұзу кезінде ұсынылады). | | | |